

# Сәдуақас Шормановты білеміз бе?

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Сейтіп, Жарылғапбердің жаңа әні дүниеге келеді. Бұл - осы кезде халық әні деп жүрген «Ардақ» деген ән. Әннің бірінші шумағының дүрыс мәтіні былай еді:

«Ей, Ардақ, сен ақ қоян сектедеген,  
Ойланған мақсатына жетем деген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менін,  
Айрылып сен Ардақтан кетем деген».

Өлеңдегі Ардақ - Сәдуақас жүргіндегі Мәкеннің құпия есімі. Осы әннің мәтіні мен өрнек сазы, әуен ыргағы тыңдаушы жүргін баурап алатын ерекше бір ғажап, қайталанбас ән екендігін түсіне білген қазақтың көсіби музыкасының негізін салушылардың бірі, «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинақтың авторы А.В.Затаевичтің «Ардақ» әні жалпы музыка өнерінің табысы» деуі де содан. Сәкен ағайдың «Ардақ» әннің мәтінінен басқа Жарылғапберді екеуінің творчестволық бірлестігінен тұган әндер қатарына бүгінде халық әні деп жүрген «Баянаула» («Баянауыл» емес) және Ақан серінің әндері деп саналатын «Әудем жер» мен «Көкжандет» әндерін де қосуға болады. Осы пікірлер тұрасында нақтылап айтсақ, «Баянаула» әнін шығарған Жарылғапберді, ал оның мәтінін жазған Сәдуақас екендігін осы жолдардың авторы XX ғасырдың 60-шы жылдарының басында Баянаула жерінің тұмасы, суырап салма ақын Жұнісбек Жолдиновтен (1895-1989) естіген еді.

Ал «Әудем жер» туралы айтсақ, оның бірінші шумағындағы: «Әудем жер жүре алмаймын аяғынан, Үстаймын екі

қолдап таяғымнан» деген өлең жолдарын оқи отырып, 70 жасқа жетпеген Ақан серінің дәл осында халі мүшкіл болғанына құй сенініз, құй сенбеніз, шын мәнінде оның денсаулығы таяқты қос қолдап ұстайтындаш нашар болды деуге болмайды. Осы әннің екінші шумағының соңғы екі жолында Ақан сері: «Тынды біреу берген олжы көріп, Жүремін жас кісідей дүние жылып» дегенін қайырышылғы жағдайға түскенін паш етуі де иланатын жайт емес. Сайып келгендеге, бұл әннің мәтіні де басқаша бол өзгеріп кетуі әбден ықтимал.

Енді «Көкжандет» әні туралы айтатуғын болсак, бұл әннің бірінші шумағында:

«Көкжандет, тұғырың алтын,

маржан баулы,

Тұруши өн ағаш үйде асыраулы.

Жұз үйрек, алпыс қазды бір күнде алаған,

Құс қайда Көкжандеттей қыран шәулі» деген өлең жолдарын оқығанда, осы әннің Ақан серінің еместігіне айттар тәмнедегідей дәлелді пікірлеріміз бар.

Біріншіден, лашын сияқты алғыр саят құстарының ішінде «көкжандет» деп аталағын түрі болады. Сондықтан «көкжандет» сөзі бас әріппен жазылғана «қозықешке» деген сөз, көрініше, нақтылы бір жерді атаяу сияқты.

Екіншіден, Ақан сері ағаш үйде тұрмаган, ал Сәкен ағайдың беренеден салынған ағаш үйі болғаны белгілі.

Үшіншіден, Ақан сері бүркіт ұстаганы болмаса, басқадай саят құстарын ұстап, үшқан құстарды аулаумен шұғылданбаған. Бұған қоса айтсақ, бүркітті тек қана тұлға мен қоянға са-

лады. Көкжандет – лашынның бір түрі екендігін осы өлендегі «қыран шәулі» деген екі сөз тіркесі де анықтай түседі. Өйткені қазақ ерек бүркітті «шәулі» дейді. Сонда «қыран шәулі» дегеніміз көкжандеттің ерек бүркіттей алғыр болғаныбын білдіреді.

Төртіншіден, ешбір саятшының көкжандет сияқты лашынға бір күнде жұз үйрек пен алпыс қазды өлтіріп, оларды жаздығуні сасытып, кан-жоса қылуы мүмкін емес. Мұндай жағдай – әсірелеудің ең сорақы түрі.

Бесіншіден, әннің үшінші шумағының соңғы жолындағы: «Жұғірдім сасқанымнан Қозықешке» деген сөз тіркесін не деп түсінуге болады? Қазақ тілінде «қозықеш» сөзі «калыс жер емес» деген мағынаны білдіреді. Осылай десек те, осы сөздің өлеңдегі айттылуына қарағанда, бас әріппен жазылған «қозықешке» деген сөз, көрініше, нақтылы бір жерді атаяу сияқты.

Алтыншыдан, Ақан сері де, Сәдуақаста өлеңнің үшінші шумағында «Сауылдан сүкісүр үйрек үшар кешке» деп айтпаған болар еді. Себебі бұл өлең жолының дүрыс айттылуы, біздіңше, «сүйлдан сүкісүр үйрек үшар кешке».

Сонымен, «Көкжандет» әні Жарылғапберді мен Сәдуақастың шығармасы екендігін баянаулақ шежірепші Көрімтай Өкпеұлы қажының айттыша, ол әкесі Өкпеге (1864-1954) осы «Көкжандет» әні мәтінін Ақан серінің деп оқып бергенде, әкесі: «Қайран, заман-ай! Еш пендеге жазығы жоқ асыл

ағам-ай (Сәдуақастың айтып отыр. - С.Ж.), мал-мұлкің таланып еді, енді жүргінді жарып шықсан әнінді де талады-ау!» - деп жылап жіберген туралы Павлодарда шығатын «Даяу» деген газетке жазылған еді. Бұл газет осы жолдар авторының қолында бар.

Өкпе Әйсенбайұлы - қыран құс ұстап, оны баулып, саят құрған, Сәдуақаспен аталас адам. Көрімтай қажының айттыша, Сәкен ағайдың қолындағы көкжандеті «Бейсенек» деп аталағынты. Осы лашын көп жылдан соң өлгендеге Сәкен ағай «Бейсенек» деген өлең шығарған. Оған Жарылғапберді ән шығарады. Осылайша, «Бейсенек» қазірде «Көкжандет» деп аталағып, Ақан серінің әні бол саналып жүр.

Қаржас руының бір бұтағы - Жәдігердің жетінші үрпагы, қысы-жазы көйлек-дамбалашан, жалан аяқ, жалаң бас жүретүғын, дуалы ауыз Әулие Бейсенбайұлы Жұматай (лақап есімі - Әбжала) көп жылдар Сәдуақастың үйінде тұрады. Мұны ұнатпаған оның кейір ағайындары: «Сәкен аға, осы бір диуананы қасыныңда ұстап қайтесіз, тіпті ұт-ақ», - дейді екен. Сонда оларға Садуақас: «Сендердің бұл екеуімізде жұмыстарың болмасын. Бұл Әбжала - менің бүгінгі жалғандағы ырысым. Құдай жазса, ақириette танысым болады», - дейді.

(Жалғасы бар)

Серік Жақсыбаев,  
Екібастуз қаласының Құрметті азаматы,  
КСРО Журналистер одағының мүшесі